



Радиология кафедрасы



Рентгенология курсы 1959 жылы Ақтөбе медициналық институтының ішкі аурулар пропедевтикасы құрамында құрылды. Рентгенология курсының алғашқы меңгерушісі болып м.ғ.к., доцент Брусилковский Евгений Алексеевич (1959-1971 жж.) тағайындалды.



1971 жылдан 1995 жылға дейін рентгенология және радиология кафедрасы болып, оны профессор Смагулов Аждағи Смағұлұлы басқарды. Осы мерзім уақытында А.С.Смағұловтың белсенділігімен Батыс Қазақстанда алғаш рет радиоизотопты диагностика зертханасы құрылды. 1981 жылы «Хром интоксикациясының диагностикалық әдістері» клиникалық тәжірибесі енгізілді де, аталған диагностика СССР ВДНХ-сында қола медаліне ие болды.





1995 - 2023 жж визуалды диагностика курсы ретінде болып қала берді және ішкі аурулар пропедевтикасы, онкология және клиникалық зертхана кафедраларының құрамына кірді.

2023 жылдың қыркүйек айында жаңа оқу жылын курс жеке кафедраға ауысып, Радиология кафедрасы атанды. Кафедра жетекшісі м.ғ.к., доцент Изтлеуов Е.М. болды.





Мутигулина Гулбану Амангосовна - кафедра доценті, жоғары категориялы дәрігер-рентгенолог, жалпы өтілі 19 жыл, клиникалық өтілі-7 жыл, практикалық сабақтарды мемлекеттік, орысша тілдерде өткізеді. Сәулелік диагностика бөлімінде жұмыс атқарады, маммографияның 2- оқуын өткізеді, стереотаксикалық биопсиясын жасайды




Шенгелбаева Айкерим Кенжебековна кафедра ассистенті, дәрігер-рентгенолог. Еңбек өтілі-7 жыл, практикалық сабақтарды мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өткізеді, IELTS 6.0



Елубаева Алма Елубаевна кафедра доценті, жалпы тәжірибе дәрігері, педагогикалық өтілі- 29 жыл. Практикалық сабақтарды мемлекеттік тілде өткізеді.



Сдыков Малик Мажитович М. Оспанов атындағы БҚМУ медицина орталығының сәулелік диагностика бөлімінің меңгерушісі, кафедра ассистенті, еңбек өтілі- 14 жыл.



Радиология кафедрасының ұжымы сәулелік диагностика бөлімі қызметкерлерімен бірге



2023 жылы жаңа оқу жылымен «Сәулелік диагностика» резидентурасы ашылды



Резиденттер БҚМУ медицина орталығының, АМЦ, БСМП, АОБА, АФПО сәулелік диагностика бөлімдерінде практикалық дағдыларын шыңдайды.

